

# 2 000 000!

павлодарлықтар осыншама тонна отандық алюминий өндірді!

Қазақстан электролиз зауытының жұмысшылары отандық алюминийдің екі миллионыншы тоннасын балқытып шығарды. Осылайша, кәсіпорынның іске қосылғанына 10 жыл толғанда жерлестеріміз кезекті еңбек ерлігін тіркеді. Бәрекелді!

Жалғасы 3-бетте ►►



# 2 000 000!

« Басы 1-бетте



**Фархат ӘМІРЕНОВ**

«Қазақстан электролиз зауыты» АҚ-ның президенті Роман Романов атап өткендей, бұл - металлургтердің біздің өңірге, жалпы республикаға арнаған ерекше сый-тартуы. Сондай-ақ, бұл - кәсіпорынның небір кедергілерді артта қалдырып, жаңа деңгейге көтерілгендігінің айғағы.

- Электролиз зауыты 10 жыл ішінде 29 миллиард кВт/сағаттан астам электр энергиясын тұтынды. Сондай-ақ, осы аралықта 4 миллион тоннадан астам глинозем алынды. Былтырдан бастап Еуразиялық топта қазақстандық мазмұнды арттыруға бағытталған ауқымды бағдарлама қолға алынды. Осы бағдарламаға сәйкес, біздің зауыт импорттық шикізаттан және алюминий өндірісі үшін қолданылатын болат бұйымдар мен салғыштарды шет елден тасымалдауды доғарды. Бұған дейін аталған соңғы екі бұйым да Қытайдан жеткізілетін еді. Енді оларды өз елімізде шығаруға жол ашылды, - дейді Р.Романов.

Кәсіпорын президентінің айтуынша, енді Еуразиялық топ алюминий қорытпасын шығаруды қолға алмақ. Бүгінгі таңда тиісті компаниямен келісімдерді бекіту жұмыстары жүргізілуде. Осылайша, электролиз зауытының бастапқы алюминийінен басқа да өнімдер шығарылмақ. Осы жылы 19 800 тонна бастапқы алюминийді іске жарату көзделуде. Мәселен, отандық алюминийден өнім шығарып отырған ірі кәсіпорынның бірі - «Қазэнергокабель». Кәсіпорын энергетика саласына қажетті кабельді-өткізгіш өнімдер шығарады. Сондай-ақ, Оңтүстік Қазақстан облысында да кабельді-өткізгіш өнімдер шығаратын жаңа зауыт іске қосылды. Аталған кәсіпорын да шикізатты біздің зауыттан алып отыр. Сондықтан Еуразиялық топ Қазақстан элек-



тролиз зауытының аумағында бастапқы алюминийдің көлемін арттыру бойынша нақты жоба-жоспарлар бойынша жұмыс істеуде.

Қазақстан электролиз зауыты - Тәуелсіз Қазақстанда жаңадан салынған өндіріс орны әрі отандық экономиканың алыбы. Бүгінде мұнда 2,5 мыңнан астам адам еңбек етеді. Олардың дені - жастар. Кәсіпорындағы жас мамандардың бірі - Ренат Қапанов. Ол зауыттың отандық алюминийдің 2 миллионыншы тоннасын балқытуы ел өміріндегі елеулі оқиға дейді.

- Зауыт сапалы әрі таза өнім шығарады. KIOSH-2011 халықаралық көрмесінде ең қауіпсіз кәсіпорын ретінде танылды. Он жыл бойы халықаралық стандарттарға сәйкес келетін отандық алюминийді өндіруде. Мұнда шығарылатын бастапқы алюминий Лондон металл биржасында тіркелген. Бұл - біз шығаратын өнімнің сапалы екендігінің нақты дәлелі. Зауыттың жаңа белестерді бағындыруы - біз үшін үлкен мерей. Өзімізге артылған сенімді абыроймен ақтауға тырысамыз, - дейді Ренат Қапанов.